



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Аугустин, Боэций мен Абеляр
тіл және логика туралы





Мақсат – Аугустин, Боэций, Абеляр философиясындағы тіл мен логика мәселелеріне талдау жүргізу.

Жоспар

Аугустин тіл туралы.

Боэцийдің логикасы.

Абеляр – логик.

Түйін сөздер

Остенсивті анықтама, таңба және таңбаланушы, предикаттар теориясы, ескі логика, номинализм, реализм.

Аугустинге арналған «Логика және тіл» атты үшінші тараудың бірінші параграфының басында Кенни Витгенштейн өзінің «Философиялық зерттеулер» еңбегін Аугустиннің «Тәубесінен» алынған дәйексөзден бастайды деп жазады. Ол жерде «Атау – тілдің негізі, ал сөздің мағынасы – соны білдіретін нысан» деген тіл туралы түсініктің қате екенін көрсетеді. Кенни Аугустиннің пікірі Витгенштейннің сынға алған көзқарастарынан гөрі, Витгенштейннің өз көзқарастарына көбірек ұқсас деп жазады.

Витгенштейн сияқты Аугустин де «барлық адамдарға тән табиғи тіл» болып есептелетін саусақпен нұсқау ишараты сынды шартты реакциялар табиғи реакция тудыру арқылы адамдарда әмбебап жүйе қалыптастырады дегенге сенді. Остенсивті анықтама балаларға сөз мағынасын үйретпейді. Бала «сөздердің әртүрлі сөйлемдерде дұрыс қолданылуын қайта-қайта естуі керек». Үзіндіде келтірілген сөздердің алдыңғы сөйлемінде: «Өз қажеттіліктерімді әртүрлі дыбыстармен, кейде жылау арқылы, кейде аяқ-қолымды қозғалта отырып жеткізгім келді», – деп жазды. Витгенштейн Аугустиннің осы сөзіне мән бере отырып: «Сөздер адамның қарапайым әрі табиғи сезімдерімен байланысты және олардың орнына қолданылады», – дейді.

«Тәубе» еңбегіндегі тіл туралы әңгіменің бастауы ертеректе жазылған «Ұстаз туралы» еңбегінде мұқият баяндалған. Аугустин мен оның ұлы Адеодат арасындағы диалогке негізделген бұл еңбектің мазмұнын атауына сай деп айту қиын. Бұл еңбек жалпы білім үдерісінен гөрі, сөз мағынасын оқыту мен үйретуге көбірек тоқталған. Кітап тілдің әртүрлі жағдайда қолданылуы туралы әңгімеден басталады. Тілді тек ақпарат беру үшін ғана емес, дұға жасағанда да, тіпті суға түсіп жатып ән айтар болсақ та қолданамыз. Тілді сөйлеуді бастамас бұрын, заттардың нені білдіретінін еске түсіру үшін ойланып тұрған сәтте де дыбысымызды сыртқа шығармастан қолдана береміз.

Остенсивті (немесе, көрнекі) анықтама, кем дегенде, кейбір сөздерді есте сақтаудың оңтайлы жолын көрсетеді. Егер мен «қабырға» деген не десем, сіз оны нұсқап көрсетуіңіз мүмкін. Тек материалды заттарды ғана емес, түстерді де сипаты бойынша анықтауға болады. Бірақ бұл анықтаманың маңызды екі ерекшелігі бар. Біріншіден, «егер», немесе «туралы» сияқты сөздерді нұсқау арқылы көрсетуге болмайды. Ал екіншісі және ең маңыздысы – ишара айтылған сөздерден кем түспейтін тек белгі ғана.

Аугустин бұл пікірге «жүру», «жеу», «тұру» деген сияқты іс-әрекетті көрсету арқылы түсіндіруге болатын сөздерді қолдана отырып жауап береді. «Жүру» дегенді түсіндіру үшін аяғымды қозғалысқа келтіріп, жүруіме болады. Мысалы, мен жүріп келе жатқан сәтте біреу менен «Жүру» деген не?» деп сұраса, мен оны қалай көрсетуім керек? Ал егер тезірек жүрsem ше? – дейді Адеодат. Мұндай жағдайда да сөзді қимыл арқылы көрсету анықтамасы екі түрлі мағынаға ие болуы мүмкін: бұл менің «жүру» дегенді көрсеткенім бе, әлде «асығу» дегенді көрсеткенім бе?

Ақырында, Аугустин остенсивті оқыту түсіндіруде жеткіліксіз деп есептеді. Сондықтан ол сөздердің мағынасын ұстаздар емес, біздің ішкі дүниеміздегі, мекені аспанда тұрақталған ұстазымыз үйрете алады деген тұжырымға келді. Бұл Платонның «Менон» еңбегінен алынған «Үйренудің кез келген түрі – шындығында, еске түсіру» деген тұжырымдаманың христиандық үлгісі іспеттес. Аугустин осы тұжырымға келу үшін тіл философиясына байланысты бірнеше маңызды мәселелеріне талдау жасайды.



Біріншіден, белгілерді семиотиканың бастапқы формасы бойынша топтастырады. Сөздердің барлығын белгілер, бірақ белгілердің бәрі сөз емес деуге болады. Мысалы, әріптер мен ым-ишаралар да – белгілер. Барлық атаулар – сөздер, бірақ сөздердің бәрі атау бола бермейді. «Егер» шылауы және «туралы» сөздерінен басқа, зат есімнің орнын басатын есімдіктер және әртүрлі шақтарды білдіретін сөздер, яғни етістіктер де бар.

Таңба мен ол таңбалап тұрған зат (Аугустин оны «таңбаланушы» деп атайды) арасындағы айырмашылықты ескеру өте маңызды. Әрине, ешкім тас деген сөз бен тастың өзін шатастырмайды. Бірақ кейбір сөздердің өзі сөздерді білдіру үшін қолданылады. Мұндайда таңба мен таңбаланушыны шатастырып алуымыз мүмкін.

Қазіргі ағылшын тілінде мұндай шатастыру ықтималдығын тырнақшалар қолдану арқылы азайтамыз. «Адеодат – адам» және «адам» сөзі екі буыннан тұрады. Антикалық латын тілінде тырнақша болмағандықтан, сөзді предикат ретінде қолдану мен сол сөзді атау үшін қолдану арасындағы айырмашылық нақты болмаған. Адеодат әкесінің қойған тұзағына түсіп қалмай, абай болуы керек: «Сіз екі буыннан тұрмайсыз, сондықтан сіз адамға жатпайсыз», – деп әзілдейді Кенни. Аугустин еңбегінің бірнеше бетін, бір жағынан, сөздердің барлығы атау емес екенін, екінші жағынан, әрбір сөздің атау екенін, өйткені ол өзін таңбалау үшін де қолданылатынын айтуға арнады. Тіпті «етістік» те – атау. Тұспалдау теориясын ойлап тапқан орта ғасыр схоластары оның диалогінде көрсетілген мәселелерді кеңінен талқылады. Бірақ Аугустиннің өзі шартты логика іліміне ауыз толтырып айтарлықтай үлес қосқан жоқ. Ол «Құдай қаласы» еңбегінде Аристотельді «стилі жағынан Платонға ұқсамайтын, зердесі жоғары болғандықтан, көп адамдардан биік тұрған тұлға» деп сипаттағанымен, оның еңбектерімен толыққанды танысқан емес. Аугустин бір кезеңдері стоиктерге қызығушылық танытқанымен, олардың философиясының логикалық жағынан гөрі, табиғилығы мен этикалық жағына көбірек назар аударды.

Аугустин жас кезінде Карфагенде риториканы оқыған кезінде Аристотельдің «Категориялар» еңбегімен танысты. Ол «Тәубе» еңбегінде Аристотельдің мәтінін оңай түсінгенін айтып мақтанғанымен, кітаптың ешқандай пайда бермегенін жазады. Еңбекте субстанция мен оның белгілері айқын көрсетілгенімен, теология тұрғысынан олар түкке жарамсыз екені пайымдалады. Аугустиннің еңбектері деп есептелетін тізімнің ішінде Аристотельдің «Категориялар» еңбегінің латын тіліндегі парафразасы бар. Бірақ бұл жұмыс Аугустиннің еңбектерінің тізімінде аталмағандықтан, қазіргі ғалымдар бұл нұсқаны оның түпнұсқа еңбегі деп есептемейді. Алайда бұл нұсқаның авторын Аугустин деп есептеген ерте ортағасырлық ғалымдардың назары Аристотель логикасының осы бөліміне ауады. Ұзақ уақыт бойы авторы белгісіз болып есептелген «Dialectica» атты еңбекті Аугустиннің жазғаны жақын арада ғана дәлелденді. Бұл еңбекте стоицизм әсері байқалғанымен, логика немесе тіл философиясына қарағанда, көбіне грамматикамен байланысты.

Боэций – бірінші мыңжылдықтағы латын тілді логиктердің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол логика мен тілдің тығыз байланысын көрсете алды. Ол: «Логиканың барлық қыры сөйлеумен байланысты», – деп жазады. Боэций Аристотельдің логикаға арналған еңбектерінің көбін, тіпті барлығын аударған десе де болады. Ол Аристотельдің «Категориялар» еңбегінің аудармасына жазған алғы сөзіне Порфирийдің «Исагогика» немесе «Кіріспені» кіргізді. Плотиннің ізбасары әрі ғұмырнамашысы Порфирий Аристотельдің логикасын Неоплатондық мектептердің оқу жоспарына енгізді және оның «Исагогикасы» стандартты кіріспе мәтінге айналды. Боэций еңбегінің арқасында ол классикалық орта ғасырларда да өз ұстанымын сақтап қалды.

Порфирийдің «Исагогикасының» басты ерекшелігі – оның предикат теориясын немесе предикаттың субъект бола алатын арақатынасының түрлерін анықтауында. Ол түр, тек, ерекшелік, меншік және кездейсоқтық деген бес топты атап көрсетті. Бұл терминдердің барлығы Аристотельдің «Топика» трактатында кездеседі. Порфирийдің предикат теориясы мен Аристотельдің категориялар теориясының байланысы айқын болғанына қарамастан, олардың арасындағы айырмашылықтар да айтарлықтай. «Стиггер – лабрадор» деген сөйлем Стиггердің қай түрге жататынын көрсетеді; «Стиггер – ит» деген сөйлем оның қай текке жататынын көрсетеді. Тектің ішіндегі түрді ажырататын міндеттер ерекше көрсетіледі, мысалы, «Стиггер – алтын шашты және ретривер». Адамдар әдетте жануардың тектің қай түріне жататынын түрдің рационалды ерекшелігі арқылы түсіндіреді.



«Адам», «жануар» предикаттары Сократқа, яғни жеке адамға қатысты қолданылғанда, субстанция категориясындағы предикаттан тұрады. Олар Сократтың болмысының бастапқы түрін не жартылай, не толықтай көрсетеді. «Рационалды» предикаты субстанция мен кездейсоқтық арасындағы айырмашылықты күшейте түсетін ерекшелік. Анықтаманың бір бөлігі ретінде ол субстанция категориясына жатса, екінші жағынан, рационалдылық – сапа ретінде қарастырылады. Ал сапалар кездейсоқ жайттар ретінде қабылданады. Меншік – белгілі бір түрге тән сипат, бірақ ол түрлерді айқындамайды. Мәселен, орта ғасырда әзілді түсіне алу тек адамзатқа тән қасиет деп қарастырылған. Кездейсоқтық дегеніміз – жеке нақты адамға тән немесе тән емес, адамның тіршілікте болуына қатысы жоқ предикат.

Предикат теориясы категориялар ішіндегі иерархияны құруға мүмкіндік береді. Тек пен түрдің арасындағы айырмашылық салыстырмалы. Түрдің жоғары текке арақатынасы тектің төменгі түрге арақатынасына тең. Бірақ текке жатпайтын жоғары түр де бар. Ол – адамзаттың түрі. Жоғары тектің ешбір түріне жатпайтын соңғы тектер де бар. Мысалы, он категория («болмыс» сияқты жоғары текке жатпайтын түрлер). Егер негіз ретінде субстанция категориясын алсақ, одан екі текті, яғни дене мен жанды бөліп алып, олардың «материалды» немесе «материалды емес» деген ерекшеліктерін ажырата аламыз. Денені тегіне қарай екі тектен, яғни жан мен минералдардан тұрады деп есептеп, оларды «жанды» және «жансыз» деп ажырата аламыз. Дәл, осылайша, кез келген тіршілік иесінің тегі өсімдіктен және жануар тектен болып бөлінеді. Жануар тектің «рационалды» түрінің тізбегі ең соңында Петр, Павел және Иоанн сияқты кез келген жеке адамнан тұратын адамзаттың ақырғы түрін тудырумен аяқталады. Көптеген түрдің тармақталған иерархиясы «Порфирий шежіресі» диаграммасында бейнеленген (5 слайд).

Порфирий «Исагогика» еңбегінде тармақтану стратегиясын түр және тек туралы үш сұрақты түзу үшін пайдаланады. Түрлер мен тектер Петр мен Павел сияқты дербес тұлғалар емес, олар кейбір мағынада әмбебап жүйелерге жатады. Порфирий: «Мұндай заттар адам ақылынан тыс бола ма, әлде олар тек адам ақылының аясында ғана тіршілік ете ме? Егер олар адам ақылынан тыс болса, олардың денесі бар ма, жоқ па? Олардың денесі болмаса, олар сезім арқылы қабылданатын заттарда бола ма, әлде олардан тыс па?» – деген сұрақтар қояды. Ол бұл сұрақтарды жауапсыз қалдырғанымен, бұлардың біразы орта ғасырдағы көптеген пікірталастың пайда болуына ықпал етті. Сондай-ақ, олар универсалия мәселелерінің канондық тұжырымдамаларына айналды.

Бұл сұрақтарға Боэций былай жауап берді: «Олар ақылдан тыс тіршілік етеді және олардың денесі болмайды, сондай-ақ жеке адамның ойында ғана бөліне алады. Түр немесе тек дербес тұлғалардың ұқсастығына негізделген. Мәселен, адамзаттың ортақ ерекшеліктерін жеке адамдардан іздейміз. Боэцийдің айтуынша, бұл – Аристотельдің көзқарасы. Алайда ол формалды логика тұрғысынан дербес тіршілік ететін әмбебап жүйелер туралы платондық тезисті жоққа шығарудың қажеті жоқ деп есептейді. Боэций Аристотельдің «Категория» және «Түсіндірмелер туралы» еңбектеріне түсіндірмелер жазды. Боэцийдің жазбаларынан оның стоиктердің логикасынан хабардар екенін байқауға болады. Алайда ол бұл логиканы Аристотель логикасынан жоғары қойған емес. Мысалы, ол стоиктердің болашақ жағдайлар жайлы бұрыс көзқарастары болған деп пайымдайды. Мәселен, егер «р» – шартты жағдай туралы келер шақтағы тұжырымдама болса, онда не «р немесе р емес» деген дұрыс болады, ал «р да, р емес те емес» деген мүлде дұрыс болмайды, яғни «Ертең теңізде соғыс болады немесе болмайды» деген дұрыс. Ал «Ертең теңізде соғыс болады» және «Ертең теңізде соғыс болмайды» дегеннің бүгінгі мезгілде дұрыс болуы мүмкін емес.

Боэций шын нәтижелер жоғарғы әмбебап пропозициялардан пайда бола алады деп ойлап, оған «локустар» деген атау берді. Ол бұл ұғымды ойлап табу барысында Аристотель қолданған «топос» деген грек сөзінің Цицерон аударған нұсқасына сүйенді. Ол ойлап тапқан пропозицияларының бірін мысал ретінде келтірейік: «Заттардың анықтамалары әртүрлі болса, олардың өздері де әртүрлі заттар болғаны». Ол «De Topicis Differentiis» деген трактат жазып, жоғарғы пропозицияларды топқа бөлудің бірнеше қағидаларын ұсынды. Бұл жұмыс қазіргі оқырмандарды аса қызықтыра алмаса да, ерте орта ғасырларда оның маңызы зор болды.

Кейінгі орта ғасырда Аристотельдің логикаға арналған барлық еңбегінің жинағы латын тіліне аударылғанға дейін, оның орнына Боэцийдің жазушы және аудармашы ретінде жазған еңбектері логиканы зерттеудің негізгі құралы ретінде қолданылып келді. Осы кезеңде уни-



верситеттерде логикаға арналған жаңа еңбектер шыға бастаған соң, Боэций логикасы «ескі логика» деген атауға ие болды. Ескі логиканың шарықтау шегі он екінші ғасырдың алғашқы жылдарында Абеляр еңбектерінің жарыққа шығып, таралуымен тұспа-тұс келді. Оның еңбегінің аса дарындылықпен жазылғаны соншалық, ондағы логикалық тұжырымдар кейінгі ортағасырлық логиктердің еңбектерінде кездеспейді.

Абеляр жалпы логиканы «диалектикалық» деп сипаттап, логика жайлы басты еңбегін «Dialectica» деп атады. Ол логика мен грамматика өзара тығыз байланысты және логиканы лингвистиканың бір бөлігі деп есептеді. Грамматика сияқты логика да сөздерді зерттейді, бірақ сөздер жай ғана дыбыс ретінде емес, мағыналы бірлік ретінде қарастырылады. Дегенмен бізге дәлелді логика қажет болатын болса, онда грамматиканы бастауыш және баяндауыш сияқты маңызды сөз таптарын талдаудан бастауымыз керек.

Аристотель зат есім мен етістіктердің айырмашылықтарын ажырату үшін етістіктің шақ формалары бар екеніне ерекше назар аударады. Бірақ Абеляр бұл пікірмен келіспеді. Оның ойынша, етістіктің ғана шақтық формасы болғанымен, зат есімдер де уақытты астарлы түрде көрсете алады. Ал бастауыштар, негізінен, дәл қазір бар заттарға қатысты қолданылады. «Сократ бала болған» деген сөйлем Сократ қария болған кезде айтылған болуы керек. Егер уақыт тек етістікке қатысты болса, бұл сөйлем «Бала Сократ болған» деген мағынаға ие болар еді. Әрине, мұның қате екеніне сөз жоқ. Бұл жағдайға «Бір кезде бала болған біреу – Сократ» деген сөйлем сәйкес келеді. Бұл зат есімдердің де уақытты жасырын түрде көрсететінін айқындайды. Ал оны айқын логикалық тілге айналдыру үшін, зат есімдердің орнына айқындауыш арқылы толықтырылған есімдіктерді қою керек. Мысалы, «Су кіріп жатыр» дегеннің орнына «Су болып саналатын бір нәрсе кіріп жатыр» деп айтуға да болады.

Етістіктердің басты сипаты – олардың шақты білдіретінінде емес, сөйлемдегі ойды толық, тиянақты аяқтайтынында, оларсыз мағына толық бола алмас еді, – дейді Абеляр. Зат есімсіз де толық сөйлемдер бола алады (мысалы, «Мұнда кел!»), бірақ етістіксіз сөйлем толық болмайды.

«Болу» етістігі тек субъект пен предикат арасындағы байланыстырушы ретінде ғана емес, тіршілікте бар болудың көрсеткіші ретінде қолданылуы керек. Абеляр осы мәселеге көбірек көңіл бөлді. «Латын тіліндегі «est» («болып табылады») етістігі сөйлемде субъектке қатысты (мәселен, «Сократ – бар», «Сократ тіршілік етеді») немесе үшінші қосымша элемент есебінде (мысалы, «Сократ – адам») қолданыла алады», – деді ол. Екінші жағдайда етістік тіршілікте бар болуды көрсетпейді. Мұны «Химера – қиялдың жемісі» деген сөйлемнен көре аламыз.

Абеляр тіршілік ету туралы сөйлемдерді талдаудың екі жолын ұсынады. Ол «Сократ – бар» деген сөйлем «Сократ – тіршілік иесі» түрінде кеңейтілуі керек деп есептейді. Алайда бұл жеткіліксіз болуы мүмкін. Себебі esse етістігінің екі мағыналылығы «болмыс, жанды тіршілік иесі» тіркесіне де ауып кетеді. Абеляр логикадан басқа тақырыптарға арналған еңбектерінің бірінде бұл мәселені кеңінен түсіндіреді. Ол «Әке тіршілікте бар» деген сөйлемдегі «әке» деген сөзді кез келген затты білдіреді деп қабылдамауымыз керек. Бұл сөйлем «бір нәрсе – әке» деген мағынаға ие. Бұл жердегі «тіршілікте бар» деген тіркес предикат болудан қалып, оның орнына квантифактор және етістік қолданылады. Мұндай жаңа қалыпты ұсыну және «... – адам» деген сөйлемді біртұтас бірлік деп қарастыру керек деген Абеляр XIX ғасырда заманауи логикада іргелі қорытындылар жасаған Готлоб Фрегенің ізашары болды.

Абелярдың замандастары үшін ең өзекті логикалық мәселе универсалия мәселесі еді. Абеляр номиналист Росцелин мен реалист Гильом де Шампо атты алғашқы ұстаздары ұсынған теорияларға көңілі толмағандықтан, олардың көзқарастырын ұштастыратын шешім ұсынды. Бір жағынан, Адам мен Петрдың «адам» сөзінен басқа ешқандай ортақ қасиеті жоқ деп айту ақылға сыймайды. Бұл жерде адам сөзі – екі сөздің бір-біріне айқын ұқсастығы негізінде оларға қатысты қолданыла алатын зат есім. Сонымен қатар әрбір адамда бірдей маңызды мән бар деп айту да ақылға сыймайды. Бұл пікірге сенсек, Сократ Платонмен бірдей және ол бір мезетте екі жерде болуы керек дегенді білдіреді. Ұқсастық маңызды мән емес, тек дербес заттар ғана тіршілікте бар бола алады.

Номинализм де, реализм де сөздердің мағынасын жан-жақты талдауға тәуелді. Сөздің екі түрлі мағынасы бар. Біріншіден, сөз бір затты білдіреді, сонымен қатар ойды білдіреді. Олар заттарды білдіргенде, сәйкес ойдың, ұғымның туындауына себеп болады. Біз бұл ұғымдарды ақылдағы образдар арқылы қабылдаймыз, бірақ олар образдардан әлдеқайда ерекше. Осы



ұғымдар бізге заттар туралы әңгіме қозғауға мүмкіндік береді және дыбыстарды мағыналы сөздерге айналдырады. Әлемде әмбебап «адам» деген зат есімнен өзгеше басқа ешқандай әмбебап адам бола алмайды. Бұл – номинализмдегі ақиқат дәрежесі. Бірақ Росцелиннің пайымдауынша, «адам» деген зат есім – тек ауыз қуысынан сыртқа шаққан ауа емес, ол біздің түсінуіміз арқылы әмбебап зат есім бола алады. Мүсінші тасты мүсінге қалай айналдырса, адам зердесі де дыбыстарды сөзге солай айналдырады. Осылайша, универсалиялар – ақылдың туындысы дей аламыз.

Абелярдың кейбір ортағасырлық және заманауи логиктерден бір ерекшелігі – предикация мен мақұлдаудың нақтылы айырмашылықтарын көрсете алуында. Бұл оның логикаға қосқан ауқымды үлестерінің бірі еді.

Абеляр логиканың шығу тегін жоғарғы діни Құдіреттен деп тұжырымдады. Ол «Христан «христиандар» атауы пайда болғандай, логика да «Логос» сөзінен шықты. Оның ізбасарлары, шын мәнінде, философтар деп аталады, өйткені олар осы жоғары даналықты шынайы сүйшілер», – деп жазды. Ол тіптен, логиканы адамдарды «бірдей дәрежеде христиандар және нағыз философтар» жасап шығару үшін «шынайы даналық жарығымен» ағарту мақсатында берілген «Жоғарғы Әкенің ұлы даналығы» деп атады.

Сонымен, біз Энтони Кенни еңбегінің үшінші тарауында қарастырған Аугустин, Боэций, Абеляр философиясындағы тіл мен логика мәселелерін қарастырып болдық. Келесі дәрісімізде Орта ғасыр философиясындағы логика мен тіл тақырыбын жалғастырамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Остенсивті анықтама дегеніміз не?
2. Аугустин тіл философиясының қандай маңызды мәселелерін қарастырады?
3. Порфирий «Исагогикасындағы» предикаттар теориясының мәні неде?
4. «Порфирий шежіресі» нені бейнелейді?
5. Боэций универсалиялар мәселелерінің канондық тұжырымдамаларын сипаттайтын түрлер мен тектер сұрақтарына қалай жауап береді?
6. «Ескі логиканың» «жаңа логикадан» айырмашылығы неде?
7. Энтони Кенни Абелярдың қандай логикалық тапсырмаларына назар аударады?
8. Абеляр номинализм мен реализм арасындағы мәселелерді қалай шешеді?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. <https://www.portal-slovo.ru/history/35542.php>
5. Тоноян Л.Г. Логика и теология Боэция. – СПб., 2013. – 383 с.